

Прионды инфекциялар кезіндегі шаралардың стандарттары мен алгоритмдері

Орындаған: Қиясова А.Ж.
Тексерген: Ильясов Б.Б.

Астана 2016

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Приондар
 - Прионды аурулар
 - Прионды инфекция түрлері
 - Алдын алу шаралары
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- **Баяу вирусты инфекциялардың** қоздырғыштары кейде жедел вирустар бола алады (қызылша, қызамық т.б.). Мысалы: қызылша вирусы жеделасты склерозды панэнцефалитті (ЖаСПЭ), қызамық вирусы өршитін туа пайда болған қызамық және өршитін қызамықты панэнцефалитті тудырады. Баяу дамидын инфекцияның патогенезінің негізінде вирустың персистенциясы (ағзада ұзақ болуы) және оның жасуша мен тінге зақымдаушы әсері жатыр.
- Баяу вирусты инфекциялар тек әдеттегі вирустардың әсерінен ғана емес, сонымен қатар жұқпалы ақуыздық бөлшектер- приондардың әсері нәтижесінде де дамуы мүмкін.

Приондар

- Прионды инфекция қоздырғыштары- **приондар**.
- **Приондар**- вирустардан бірқатар қасиеттерімен ажыратылады.
- Төмен молекулалық массасы бар жұқпалы ақуыздар, нуклеин қышқылдары жоқ, қабынуды және иммундық жауап тудырмауды, жоғарғы температураға, формальдегидке, глутаральдегидке, сәулеленудің әртүрлі түрлеріне тұрақты.
- Прион ақуызы ағза-иесінің гендерімен кодталады, олар болжамды түрде әрбір жасушада болады деп саналады және регрессивті жағдайда орналасады.

Приондар вирустарға тән бірқатар қасиеттерге ие:

- Приондардың көлемі ультрамикроскопиялық болады;
- Бактериалдық сүзгіден өтеді;
- Жасанды қоректік орталарда өспейді;
- Жасушаларда жоғарғы титрге дейін көбейеді;
- Штамдық айырмашылықтары бар және т.б.

Прионды аурулар

- Белгілері бойынша вирустық баяу инфекцияларға ұқсас ауруларды қоздырады.
- Бұл аурулардың патогенетикалық және клиникалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды трансмиссивті губкатәріздес энцефалопатия ретінде (ТГЭ) қарастырады.
- Прионды аурулар бұрыннан бері белгілі және адамдар популяциясында өте сирек кездеседі.

Прионды аурулар

- Приондар (ағылшынша **proieinaceous infections particles**- ақуыздық инфекциялық бөлшек) өзінше репликацияланатын ақуыздық бөлшектер болып табылатын адамдар мен жануарлардың ОЖЖ-нің аурулары жатады.
- Жұқпалы ақуыздың өзін Pr Psc (Scrapie деген ағылшын сөзінен алынған) деп белгілейді. Ол ешкілер мен қойлардың табиғатта кең таралған приондық ауруының аты.

Приондық аурулар бірнеше түрде өтуі мүмкін:

- Инфекциялық (жұқпалық)
 - Спорадиялық
 - Тұқым қуалаушылық

Прионды инфекциялар келесі белгілерімен сипатталады:

- Ұзақ жасырын кезеңімен (ол бірнеше айдан бірнеше жылға дейін);
- Ағзаны және тіндерді, көбінесе орталық жүйке жүйесін ерекше зақымдаумен;
- Аурудың баяу тоқтаусыз бірте-бірте өршуімен;
- Соңында өліммен аяқталады.

Жұғу жолдары

- Приондармен зақымдану ағзаға (тағаммен, қан арқылы немесе кейбір тіндерді трансплантациялағанда) изопішінді прионның ақуыздық молекуласының енуі нәтижесінде жүреді.
- Ауыл шаруашылық жануарлары (ірі қара мал, қой т. б.), шала піскен еттен, ішек-қарыннан немесе өлген туысқандарының миын жейтін дәстүрлі каньябализм (Жаңа Гвинеядағы аборигендердің өлген тайпа мүшесінің құрметі үшін) кезінде адамдардан түсуі мүмкін.

Қазіргі уақытта 10-нан астам приондық аурулар белгілі

● Адам аурулары:

- Куру;
- Крейтцфельд-Якоб;
- Гертсман-Штруслер синдромы;
- Жанұялық фаталды ұйқысыздық.

● Жануарлар аурулары:

- Қойларда-Скрепи;
- Ірі қара малда,мысықта-губка тәріздес энцефалопатия;
- Қаракүзендерде-трансмиссиялық энцефалопатия.

Куру

- Дірілдеу сөзінен шыққан;
- Жаңа Гвинея аралындағы палуастардың тілінде ауру осылай аталады;
- Қорыққаннан, не суықтан дірілдеуді білдіреді;
- Орталық жүйке жүйесінің зақымдануының нәтижесінде қимыл-қозғалыс, жүрістің бұзылыстары, қалшылдау, эйфория (“күлу өлімі”) дамиды.

Крейтцфельд-Якоб ауруы

- Сирек кездесетін ауру, бірақ жер шарының барлық мемлекеттерінде кездеседі;
- Деменция (ақылес кемдігі) және қимыл-қозғалыстың бұзылуымен өтіп, нәтижесі өлімге әкеледі;
- Аурудың жұғуы шала піскен етті жегенде, губка тәріздес энцефалопатиямен ауырған қой және сиырдың миын жегенде, сонымен қатар шикі устрица мен моллюскаларды жегенде болады.
- Жануар текті дәрілік препараттарды қолданғанда.

Диагностикасы

- Приондық патологияда жағындыны бояғанда мидың губка тәрізді өзгерістері, астроцитоз, қабыну инфильтраттардың болмауы байқалады. Миды амилоид табу үшін бояйды. Приондық гендер генетикалық талдау барысында айқындалады.
- Клиникалық белгілері мен эпидемиологиялық мәліметтеріне негізделген.

Алдын алу шаралары


- Вирусологиялық диагностикасы, арнайы сақтандыру мен емдеуі өңделмеген.
- Бейспецификалық сақтандыру ауыл-шаруашылық малдарын сақтандыру үшін ауру малдарды жоюға негізделген.

Қорытынды

- Соңғы жылдарда приондық ауруларға көңіл аудару күрт артып отыр;
- Адамдар арасында жаңа түрімен ауруға шалдыққандардың 50-ден астам оқиғалары тіркелген.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Беляков В.Д., Яфаев Р.Х. Эпидемиология: Учебник.-М.: Медицина, 1989. -416с.
- Беляков В.Д., Голубев Д.Б., Каминский Г.Д. Саморегуляция паразитарных систем;
- Черкасский Б.Л. Эпидемиологический диагноз.-Л.: Медицина,1990.-208с.:ил.
- Черкасский Б.Л. Руководство по общей эпидемиологии.-:Медицина,2001с.:ил.



**Назарларыңызға
рахмет!**